# 2 Балалардың даму БҮлдірШіН ЖастағЫ мОНИтОрИНГі

◊ бас шеңбері және бас шеңберінің өсу жылдамдығын ◊ психомоторлық және ақыл-ой дамуын өлшеу қажет.

**1-кесте – Балалардың физикалық және психологиялық-әлеуметтік дамуын өлшеу жиілігі және мерзімдері**

| Жиілігі | Мерзімдері |
|---|---|
| бірінші өлшеу | туған кезде |
| екінші өлшеу | 1 ай |
| 1 жасқа дейін | ай сайын |
| 1 жастан 2 жасқа дейін | әрбір 3 ай сайын |
| 2 жастан 3 жасқа дейін | әрбір 6 ай сайын |
| кейінгі жылдары | жыл сайын |

Емшек сүтінің жеткілікті екенін анықтау қажет болған, сондай-ақ баланың дамуында ауытқушылықтар болған жағдайда баланың салмағын неғұрлым жиірек өлшеу қажет болып табылады.

Баланы зерттеу нәтижелері әлі де рұқсат етілетін шекте болған кезде баланың бойының өсуіне мониторинг жүргізу арқылы оның бойының өсуі мөлшерден тыс ауытқу белгілері дамығанға дейін жеткіліксіз тамақтану немесе ауыру салдарынан тежелгенін не тоқтап қалғанын

анықтау мүмкін болады. Оны осылайша ерте анықтау бізге баланың өсуіндегі бұзушылықты ерте түзетуге мүмкіндік береді. Баланың өсуіне монитоирнг жүргізу саламатты балалық шақты қамтамасыз етуге жағымды барынша ықпалын тигізетін медициналық іс-шара болып табылады.

Балалардың даму бүлдіршін жастағы мониторингі